



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 қаңтардағы N 74 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 6 сәуір N 513

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Республикалық телекоммуникациялық трафиктің биллинг орталығы (ТТБ-Орталық)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 қаңтардағы N 74 P000074_ қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

2 - тармақта:

"Көлік және коммуникациялар министрлігіне" деген сөздерден кейін

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен" деген сөздермен толықтырылсын;

"1999 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға көзделген қаражаттың есебінен" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

